



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 915–925
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_915-925

ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Эльмира Тулегеновна Нурпейсова¹, Рауан Жомартұлы Байдалы²

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
(Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай, А. Байтұрсынов көш., 47)
тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы
<https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

²Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
(Қазақстан Республикасы, 110000 Қостанай, А. Байтұрсынов көш., 47)
PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі
<https://orcid.org/0009-0003-7122-7552> E-mail: bajdaly.rzh@ksu.edu.kz

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж., 2026

Аннотация. Кіріспе. Мақалада қазақтың зиялы тұлғаларының бірі Елдес Омаровтың өмірі мен қоғамдық-саяси, ғылыми-ағартушылық қызметі деректанулық негізде жан-жақты талданған. Зерттеу жұмысына Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы архив қорларының деректері мен баспасөз материалдары, жарияланған құжаттар жинақтары пайдаланылған. Деректерді салыстырмалы-тарихи және сын тұрғысында талдау нәтижесінде Елдес Омаровтың білім алу кезеңі, Алаш қозғалысына қатысуы, кеңестік уақыттағы ғылыми - педагогикалық қызметі, репрессия жылдарындағы өмірі ашып көрсетіледі. *Мақсаты мен міндеттері:* Елдес Омаровтың өмірі мен қызметін кешенді деректік материалдар негізінде қалпына келтіру және мерзімді баспасөзде және архивтік материалдар негізінде жарияланған деректерді жүйелеу, талдау. *Нәтижелері:* Е.Омаровтың ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына және қазақ ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқанын білдіреді. Оған қоса деректердің әртүрлі түрлерін кешенді пайдалану зерттеудің объективтілігін қамтамасыз ететіні айқындалған. *Қорытынды:* Е.Омаров жайлы жан-жақты талдау оның көпқырлы тұлға болғанын ашып көрсетеді: ол-ағартушы, ғалым және қоғам қайраткері. Зерттеу нәтижелері Елдес Омаровтың қазақ қоғамын ғылыми және мәдени даму тарихындағы орнын айқындап, оның өмірі мен қызметін әлі де тереңірек зерттеудің қажеттігін айқындай түседі.

Түйін сөздер: Елдес Омаров, деректер, талдау, архив, Алаш қайраткері, ағартушы, газет.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан тарихының өңірлік аспектілерін пәнаралық зерттеу (жаңа архив материалдары мен фольклор шығармалары негізінде)» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (тіркеу нөмірі: BR28512385) аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж. Елдес Омаровтың өмірі мен қызметіне деректанулық талдау // Отан тарихы. 2026. Т. 29. No 2. 915–925-бб.[қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_915-925

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЕЛДЕСА ОМАРОВА

Эльмира Тулегеновна Нурпеисова¹, Рауан Жомартұлы Байдалы²

¹Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы (д. 47, ул. А. Байтұрсынова, 110000 Костанай, Республика Казахстан) Магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана <https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

²Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы (д. 47, ул. А. Байтұрсынова, 110000 Костанай, Республика Казахстан) PhD, заведующий кафедрой истории Казахстана <https://orcid.org/0009-0003-7122-7552> E-mail: bajdaly.rzh@ksu.edu.kz

*Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье всесторонне проанализированы на источниковедческой основе жизнь и общественно-политическая, научно-просветительская деятельность одного из интеллектуальных деятелей Казахстана Елдеса Омарова. В исследовательской работе использованы материалы архивных фондов Республики Казахстан, Российской Федерации, сборники опубликованных документов. В результате сравнительно-исторического и критического анализа данных раскрывается период его обучения в школе и училище, участие в движении «Алаш», научно-педагогическая деятельность в советский период, жизнь Елдеса Омарова в годы репрессий. *Цель и задачи:* восстановление жизни и деятельности Елдеса Омарова на основе комплексных информационных материалов и систематизированный анализ опубликованных данных на основе периодических и архивных материалов. *Результаты:* Елдес Омаров внес значительный вклад в становление национальной системы образования и развитие казахской науки. Кроме того, установлено, что комплексное использование различных видов данных обеспечивает объективность исследования. *Заключение:* всесторонний анализ Е. Омарова показывает, что он был многогранной личностью: он-просветитель, ученый и общественный деятель. Результаты исследования определяют место Елдеса Омарова в истории научного и культурного развития казахского общества и подчеркивают необходимость еще более глубокого изучения его жизни и деятельности.

Ключевые слова: Елдес Омаров, источники, анализ, архив, деятель «Алаш», просветитель, газета.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта «Междисциплинарное исследование региональных аспектов истории Казахстана (на основе новых архивных материалов и фольклорных произведений)» при финансовой поддержке Комитета науки МНВО РК (регистрационный номер BR28512385).

Для цитирования: Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж. В источниковедческий анализ жизни и деятельности Елдеса Омарова // Отан тарихы. 2026. Т. 29. No 2. С. 915–925. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_915-925

SOURCE-BASED ANALYSIS OF THE LIFE AND ACTIVITIES OF YELDES OMAROV

Elmira Nurpeissova¹, Rauan Baydaly²

¹Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University (47, A. Baitursynov Str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan). Master of History, Senior Lecturer at the Department of History of Kazakhstan <https://orcid.org/0000-0003-1894-2349>. E-mail: elmira.tylegen@gmail.com

²Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University (47, A. Baitursynov Str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan). PhD, Head of the Department of History of Kazakhstan

<https://orcid.org/0009-0003-7122-7552> E-mail: bajdaly.rzh@ksu.edu.kz

*Correspondent author

© Valikhanov IHE, 2026

© Nurpeissova E.T., Baydaly R.Zh., 2026

Abstract. *Introduction.* The article provides a comprehensive source-based analysis of the life, socio-political, and scientific-educational activities of the Kazakh intellectual Yeldes Omarov. The study draws on materials from the archival funds of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation, periodical press, and published document collections. Through comparative-historical and critical analysis of sources, the stages of Yeldes Omarov's education, his participation in the Alash movement, his scientific and pedagogical activity during the Soviet period, and his fate during the years of repression have been identified. *Purpose and objectives.* To reconstruct the life and activities of Yeldes Omarov on the basis of a comprehensive analysis of source materials, as well as to systematize and analyze data from archives, periodical press, and published documentary sources. *Results.* The study demonstrates that Yeldes Omarov made a significant contribution to the formation of the national education system and the development of Kazakh science. It is also proven that the integrated use of different types of sources ensures the objectivity of the research. *Conclusion.* The comprehensive analysis of sources confirms the multifaceted nature of Yeldes Omarov's personality: he is recognized as an educator, scholar, and public figure. The results of the study highlight his important role in the scientific and cultural development of Kazakh society and emphasize the need for further in-depth research of his activities.

Keywords: Yeldes Omarov, sources, analysis, archive, Alash figure, educator, newspaper.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan "Interdisciplinary study of regional aspects of the History of Kazakhstan (based on new archival materials and folklore works)" (registration number BR28512385).

For citation: Nurpeissova E.T., Baydaly R.Zh. Source-based analysis of the life and activities of Yeldes Omarov // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. No 2. Pp. 915–925. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_915-925

Кіріспе. Қазақстан тарихындағы тұлғатану мәселесі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін жаңа мазмұнға ие болды. Сондықтан ұлттық зиялыларымыздың өмірі мен қызметін деректанулық тұрғыда зерттеу ғылыми бағыттағы маңызды істердің бірінен саналады. Е.Омаров – қазақ қоғамының ағартушылық, ғылыми, қоғамдық-саяси өмірінде ерекше орны бар тұлғалардың бірі. Дегенмен, оның өмірі мен халыққа жасаған қызметі жүйелі түрде толық зерттелмеген. Осыған байланысты барлық деректерді ғылыми айналымға енгізу және оларды деректанулық тұрғыда талдау бүгінгі күндегі кезекті мәселе.

Тарихи шындықты ашып көрсететін деректердің бәрі зерттеу нысанының объективті түрде қарастырылуына жол ашатын ақпарат көзі екені анық. Демек, тарихи деректер тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін ашыға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері: Е.Омаровтың өмірі мен қызметін ашып көрсететін деректік материалдарды толық қамту және жүйелеу, талдау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында Елдес Омаровтың өмірі мен қызметін жан-жақты қарастыру мақсатында әртүрлі типтегі және шығу тегі әрқилы дерек көздерінің кешені пайдаланылды. Деректерді іріктеу барысында олардың хронологиялық ауқымы, мазмұндық ерекшелігі, шығу тегі мен репрезентативтілігі ескерілді. Деректану теориясының классикалық принциптеріне сай дерек сенімділігін анықтауда оның пайда болу мақсаты, тарихи контексті және авторлық ұстанымы міндетті түрде ескерілді.

Теориялық деректану қағидаларын басшылыққа ала отырып, зерттеу барысында қолданылған деректерді шартты түрде бірнеше топқа жіктеуге болады: мұрағат құжаттары, мерзімді баспасөз және жарияланған архив құжаттары мен материалдар жинақтары және естеліктер. Бұл жіктеу деректердің шығу тегі мен функционалдық сипатына негізделеді. Мұрағат деректері бастапқы дерек ретінде ең жоғары деректемелік мәртебеге ие болса, жарияланған жинақтар іріктеу мен мазмұндық редакциялау үдерісінен өткен деректерді қамтиды. Мерзімді баспасөз өз кезеңінің қоғамдық-саяси дискурсын тікелей бейнелейтін арнайы деректер тобын құрайды.

Зерттеудің басты деректік негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) қорлары құрайды. Атап айтқанда, И-95 қорының 170 ісінде Елдес Омаровтың білім алу кезеңіне қатысты жеке іс материалдары, Р-81 қоры – Қазақ халық ағарту комиссариатына қатысты құжаттар, Р-929 қоры – Қазақ мемлекеттік баспасының жоспарлары мен қаржылық құжаттары, Р-1681 қорында Қазақ медицина институтына қатысты бұйрықтар мен қызметтік құжаттар, Р-693 қоры – Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының материалдары пайдаланылды. Бұл қорлардың кешенді пайдаланылуы Е.Омаровтың ғылыми-педагогикалық қызметінің әр кезеңін тізбекті хронологиялық жүйеде қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

Ведомстволық архив деректерінен С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің архивіндегі № 3626 жеке іс пайдаланылды. Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 708 қоры Е.Омаровтың жоғары партиялық лауазымды тұлғаларға жолдаған жеке хаттарын, яғни кеңестік жүйемен тікелей өзара іс-қимылын сипаттайтын бастапқы деректерді қамтиды. Ресей Федерациясының мемлекеттік архивіндегі Р-1701 қоры 1918-1919 жылдардағы Алашорда қызметіне қатысты ресми құжаттарды – хаттамалар, тергеу ісінің материалдары, комиссарлық есептер – ашады.

Мерзімді баспасөздің мақала зерттеуіндегі маңызы ерекше. ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси жағдайды сипаттайтын «Қазақ», «Ақ жол» және «Тургайские областные ведомости» газеттері пайдаланылды. Бұл деректер Омаровтың қоғамдық қызметінің бастапқы кезеңдерін, оның саяси үдерістерге қатысуын және сол кезеңдегі қоғамдық пікірді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мерзімді баспасөз деректерін пайдалануда олардың редакциялық бағыты мен идеологиялық контексті ескерілді. Атап айтқанда, «Қазақ» газеті ұлттық-демократиялық, «Ақ жол» кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарындағы ресми-идеологиялық басылым ретінде қарастырылды.

Одан басқа, ХХ ғасыр басындағы саяси және қоғамдық процестерді қамтитын Н. Мартыненко, Д. Аманжолова, М. Қойгелдиев, К. Илиясова құрастырған жинақтар кеңінен қолданылды. Бұл жинақтарда ресми құжаттар, қаулылар, хаттамалар және саяси материалдар топтастырылған. Олар Елдес Омаровтың ұлттық қозғалысқа қатысуын, оның саяси көзқарасын және қоғамдық қызметін талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихи-деректанулық талдаудың бірқатар әдістері қолданылды: Деректанулық талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи әдіс, сыни талдау әдісі. Өртүрлі дерек көздеріндегі мәліметтер өзара салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Бұл тәсіл тарихи оқиғаларды объективті түрде қайта құруға мүмкіндік берді. Деректердің шынайылық деңгейін анықтау мақсатында олар сыни тұрғыдан бағаланды. Әсіресе, кеңестік кезеңдегі тергеу материалдары мен идеологиялық сипаттағы құжаттарға ерекше назар аударылды.

Талқылау. Алаш арыстарының мұрасын баспасөз бетінде алғашқы насихаттаушылардың бірі Аманқос Мектептегі болды. Ол Елдес Омаровтың тұлғасын толыққанды әр қырынан зерттеп, мұрағат материалдарын айналымға енгізгендердің бірі. Өз мақалаларын «Ана тілі» газетінің беттерінде, кейін 1996 жылы «Жалын» журналында мұрағат деректері негізінде жариялап, оқырман қауымды Е.Омарұлы есімімен таныстырды [Мектептегі, 1996: 201].

Қазіргі таңда Е.Омаровтың мұрасына филолог ғалымдар үлкен қызығушылық танытуда. Жазушы Ақылбек Шаяхмет өзінің «Тайбағар» атты деректі хикаяларды қамтитын кітабында Е.Омаровтың өмірбаянына тоқталады [Шаяхмет, 2011: 4]. Сонымен қатар ол Е.Омаровтың туысы техника ғылымдарының докторы, профессор Марат Шуақаевпен бірлесіп, Алаш ардақтысы Елдес Омаровтың туындылары кірген шығармалар жинақтарын жариялады [Шуақаев, Шаяхмет, 2017]. Филология ғылымдарының докторлары О.Жұбаева және Ә.Ахмет Е.Омаровтың шығармаларын жинап, аударып 3 томдық жинақ шығарды [Жұбаева, Ахмет, 2018]. Филология ғылымдарының докторы, профессор З.Ахметжанованың жетекшілігімен Е.Омарұлының тіл білімінің түрлі мәселелеріне, жазу, емле, дыбыс, таңба, әліпби, тағы басқа да тақырыптарға арналған 31 мақаласы мен бұрын баспа бетін көрмеген еңбектері мен аудармаларын 2 томдық шығармалар жинағы ретінде шығарды [Ахметжанова, 2018].

Елдес Омаровты осы уақытқа дейін тарихшы ғалымдардан С.Смағұлова мен М.Қозыбаева ғана зерттеген болатын. Атап айтқанда С.Смағұлованың Е.Омаровтың 1922 жылы жарияланған «Қазақ халқының тарихынан» атты еңбегін талдаған мақаласы [Смағұлова, 2019:42], М. Қозыбаеваның Ұлы даланың ұлы есімдері жобасы аясында Е. Омаровтың өмірбаяны туралы ғылыми мақаласы жарық көрді [Қозыбаева, 2019].

Алайда осы зерттеулердің барлығында олар жекелеген аспектілерге ғана тоқталады. Е.Омаровтың өмірі мен қызметін тұтастай қамтитын, оның барлық кезеңдерін архив деректерімен

жан-жақты дәлелдейтін кешенді деректанулық зерттеу – осы мақала алдына қойылатын ғылыми міндет болып табылады.

Тарихнамалық шолуды қорытындылай отырып, мынаны атап өту керек: зерттеушілер Е.Омаровты негізінен үш контексте қарастырады – ағартушы ретінде, Алаш қозғалысының қатысушысы ретінде және тіл білімінің реформаторы ретінде. Осы контекстердің барлығы бір-бірімен байланысты, бір тұлғаның бірнеше қызмет аясын қамтиды. Мұндай кешенді көзқарас тек деректанулық тәсіл арқылы ғана мүмкін болады: архив, баспасөз және жарияланған жинақтарды кешенді пайдалану тұлғаның тарихи бейнесін объективті, толыққанды қалпына келтіреді. Осы тұрғыдан мақалада ұсынылған деректанулық синтез тарихнамалық бос кеңістікті толтыру жолындағы алғашқы жүйелі қадам болып табылады.

Нәтижелер. ҚР Орталық мемлекеттік архивінің И-95 қорында сақталған материалдар Елдес Омаровтың білім алу кезеңін хронологиялық толықтыру жағынан қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Деректер 1907–1911 жылдарды қамтып, оқу орындарын бітіргені туралы куәліктерді, өтініштер мен қызметтік хаттарды, оқу үлгерімі туралы ведомостарды және мінездемелік сипаттағы құжаттарды қамтиды.

Алғашқы білім кезеңін сипаттайтын негізгі дерек – 1907 жылғы Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесін бітіргені туралы куәлік: Е.Омаров барлық пәндер бойынша «өте жақсы (5)» деген баға алған [ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 170-іс. 4-п.]. Сол жылы берілген мақтау қағазы оның оқу үлгерімімен қатар тәртібі мен ынтасының жоғары деңгейде болғанын растайды [ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 170-іс. 6-п.]. Орынбор мұғалімдер мектебіне түсу туралы 1907 жылғы өтініш оның білімін жалғастыруға деген саналы ұмтылысын дәлелдейді; мектеп меңгерушісінің ілеспе хаты [ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 170-іс. 2-3-пп.] Омаровтың үлгерімі мен қабілетіне берілген жоғары бағаны іс жүзінде растайды.

Орынбор мұғалімдер мектебіндегі оқу кезеңіне қатысты 1910–1911 жылдардың ведомостары педагогика, математика, география және жаратылыстану пәндерінен жоғары нәтижелерді (4-5 балл) тіркейді [ҚР ОМА. И-95-қ. 2-т. 259-іс.; 248-іс.]. 1911 жылғы түлектер тізімі мен мінездемесі [ҚР ОМА. И-95-қ. 2-т. 280-іс. 2-2а-п.] Омаровты қабілетті, бірақ тұйық мінезді, кей жағдайда оқытушыларға ашықтан-ашық қарсы келіп қалатын оқушы ретінде суреттейді. Бұл ерекшелік оның бойындағы принципшілдік пен өзіндік ойдың ерте белгісі ретінде деректанулық тұрғыдан бағаланады. 1911 жылғы мұғалімдер мектебін бітіргені туралы куәлік [ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 170-іс. 1-п.] толық курс бағдарламасының аяқталғанын, «бастауыш училище мұғалімі» біліктілігінің берілгенін және мемлекет есебінен оқығандықтан 6 жыл қызмет етуге міндеттелгенін растайды.

ҚР ОМА Р-693 қорындағы материалдар Е.Омаровтың 1920 жылы Орынборда құрылған «Қырғыз (Қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының» белсенді мүшесі болғанын дәлелдейді. Ол қоғамның ресми мүшелер тізімінде тіркелген, этнографиялық және тарихи бағыттағы жұмыстарға қатысқан [ҚР ОМА. Р-693-қ. 1-т. 12-іс. 1-2-пп.], М.Дулатов, Б.Қаратаев, Т.Шонанов сияқты қазақ зиялыларымен ғылыми баяндамаларды талқылаған. Тарихи-революциялық бөлімді ұйымдастыру комиссиясының хатшысы ретінде қызмет атқарғаны оның ғылыми-ұйымдастырушылық деңгейдегі тұлға болғанын айғақтайды [ҚР ОМА. Р-693-қ. 1-т. 14-іс. 30-п.].

ҚР ОМА Р-81 қорының деректері Омаровтың білім беру саясатын қалыптастырудағы рөлін егжей-тегжейлі ашады. «Протокол объединённого совещания по вопросу составления и перевода учебников» атты құжатта [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 258-іс. 11–12-пп.] А.Байтұрсынұлы төрағалығымен өткен кеңесте Омаровқа жаратылыстану және бастауыш алгебра пәндері бойынша оқулықтарды – тек аударма емес, түпнұсқа ұлттық мазмұндағы еңбектер ретінде – дайындау тапсырылған. 1921 жылғы редколлегия хаттамасы [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 258-іс. 63-п.] оны редакциялық алқа мүшесі ретінде тіркейді.

1922–1923 жылдарға қатысты деректер Омаровтың институционалдық мәртебесін нақтылайды. «Список членов Коллегии Академического Центра» [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 622-іс. 7-п.] атты құжатта ол Академиялық орталық мүшесі ретінде тіркелген. Хаттамалар жинағында [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 424-іс. 40-41, 48, 52-пп.] «ғылыми қызметкер-әдіскер» ретінде сипатталады. «Отчет о деятельности Академического Центра» [ҚР ОМА. Р-81-қ. 617-іс. 2-4-пп.] атты есепте оның «Физика» оқулығын дайындағаны, қазақ тіліндегі ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесі нақты тіркелген. 1923 жылғы қаламақы туралы құжатта [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 622-іс. 83-п.] оған физика қолжазбасының бір бөлігі үшін ақы төленгені еңбегінің баспаға нақты дайындалғанын растайды.

1923 жылғы мұрағат материалдары Омаровтың институционалдық ортадағы рөлін одан әрі толық ашады. 7 наурыздағы Киргиз ғылыми-әдеби кеңесінің (К.Н.Л.) мәжіліс хаттамасы оның хатшы қызметін атқарғанын тіркейді; кеңес құрамында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Н.Құлжанова болған [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 613-іс. 24-п.]. 8 мамырдағы құжатта [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 613-іс. 46-п.] өлкелік съезде мұғалімдерді даярлау мәселесі бойынша негізгі баяндамашы ретінде тағайындалуы оның педагогикалық кадрлар саласындағы жетекші маман ретінде танылғанын айғақтайды. 15 мамырдағы келісімшарт деректері [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 613-іс. 50-50 сырт.-п. физика оқулығының жаңа орфографияға көшіріліп Қазмембаспаға тапсырылғанын куәландырады, бұл ғалымның еңбегінің мемлекеттік деңгейде мақұлданғанын дәлелдейді. 23 мамырдағы тапсырма [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 613-іс. 51-п.] оған А.Байтұрсынұлымен бірлесіп қазақ әліпбиін машинкаға бейімдеп жазуды жүктеген – жаратылыстану ғылымдарынан тыс тіл реформасына да қатысқанының дәлелі. Қазмембаспа кітаптар тізімінде оның осы оқулығының ресми бекітілгені тіркелген [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 613-іс. 64-п.]. 27-30 қазандағы хаттамада [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 613-іс. 95–96-пп.] кеңеске қойылған айыптауларды принципшілдікпен жоққа шығаруы-- институционалдық жауапкершілігін айқын паш етеді.

1926 жылға қатысты Р-81 қорының 1043 ісі Омаровтың Қазақ халық ағарту институтындағы (КИНО) педагогикалық қызметін сипаттайды. 30 қаңтардағы педагогикалық кеңес хаттамасы [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 1043-іс. 59-59 сырт.-п.] оның оқу тәртібін күшейтуге бағытталған нақты ұсыныстар жасағанын куәландырады. 3 сәуірдегі хаттама [ҚР ОМА. Р-81-қ. 1-т. 1043-іс. 100-102-пп.] математика әдістемесіне бөлінген сағаттардың жеткіліксіздігі туралы ұсынысты және дифференциалды оқыту принципін Омаровтың ашық қолдағанын тіркейді.

1925 жылғы Қазмембаспа жоспарында [ҚР ОМА. Р-929-қ. 2-т. 2 сырт.-3-пп.] оның «Геометрия» мен «Алгебра» оқулықтары мемлекеттік баспа жоспарына енгізілген; еңбектер екінші сатыдағы мектептерге, халық ағарту институттарына, рабфактарға арналған. Ал, 1930-жылдардың ортасына қатысты Р-1681 қорының деректері жоғары оқу орнындағы қызметін нақтылайды: 1935 жылғы №21 бұйрықта [ҚР ОМА. Р-1681-қ. 4-т. 20-іс. 39 сырт.-п.] медициналық мамандарға арналған қазақ тілі оқулығын дайындау тапсырылса, 1936 жылғы №46 бұйрықта [ҚР ОМА. Р-1681-қ. 4-т. 31-іс. 22-23 сырт.-п.] оқулықты редакциялау мақсатында қысқа мерзімді демалыс берілгені тіркелген.

Ресей Федерациясының мемлекеттік архивіндегі Р-1701 қорындағы (Мәскеу) 1918–1919 жылдарға қатысты құжаттар Е.Омаровтың Алашорда құрылымындағы белсенді саяси рөлін нақты дәлелдейді. 1918 жылғы 14-17 қазандағы Қостанай уездік төтенше қазақ съезінің хаттамасы [РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в-іс. 101-105-пп.] оның съезге төрағалық еткенін тіркейді. 24 қарашадағы жазбасында [РФМА. Р-1701-қ. 1-т. 6в-іс. 96-п. Алашорда қажеттіліктеріне салық жинауды ұйымдастырады; 28 қарашадағы тергеу хаттамасында салық жинаудың съезд шешімімен бекітілгенін, Алашорда актілерін заңды деп санайтынын ашық мәлімдейді. 29 қарашадағы «Прошениеде» [РФМА. Р-1701-қ. 1-т. 6в-іс. 99-п.]. Алашорда шешімдерінің заңдылығын Уақытша жалпы ресейлік үкімет актілерімен негіздейді. «Докладная записка Тургайского областного комиссара А.Мотова» [РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 6в-іс. 95-96 сырт.-пп.] құжаты оны үндеулер жариялаған, салық жинауды ұйымдастырған, Сібір үкіметін мойындамаған, Алашорда билігін заңды деп жариялаған тұлға ретінде көрсетеді. 1919 жылғы 29 наурыздағы «Протокол №1 совещания о призыве в войска инородцев» [РФ МА. Р-1701-қ. 1-т. 71-іс. 30-п.] атты құжатта Омаров Алашорда атынан ресми өкіл ретінде қатысады – бұл оның қызметінің жоғары саяси деңгейге жеткенін куәландырады.

С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ведомстволық архивіндегі «Омаров Елдес Омарович» атты жеке іс 16 парақтан тұрады: кадрлық есеп бойынша жеке парақ, еңбек тізімі, өз қолымен жазған өтініштің түпнұсқасы және Қазмединститут бойынша бұйрықтарды көшірмелері. Бұл дерек жоғарыда Р-1681 қорын сипаттаған кезде талданған бұйрықтарды ведомстволық деңгейде растайды [ҚазҰМУ ВА. 61-б. 3626-іс.].

ҚР Президентінің архивіндегі 708-қорда Е.Омаровтың ҚКП(б) ОК хатшысы Л.И. Мирзоянға жазған өтініш хаты табылды. Бұл дерек жеке тұлғаның саяси жүйемен өзара қарым-қатынасын, 30-жылдардағы кеңестік идеологиялық қысымға жауап ретіндегі мінез-құлқын тікелей сипаттайтын бастапқы жазба дерек ретінде ерекше деректемелік маңызға ие [ҚР ПА. 708-қ. 1-т. 80-іс.]

Мерзімді баспасөз деректері оның саяси қызметінің жергілікті кезеңін айқындайды. «Қазақ» газетінің 1913–1918 жылдардағы материалдарын талдай отырып, Елдес Омаровтың есімі ерте кезеңде (1913–1915 жж.) сирек, ал 1916–1917 жылдары эпизодты түрде ғана кездесетінін көреміз. Мысалы, 1914 жылдың 1 маусымынан бастап Елдес Омаров Орынбор окружной сотына Қосмұхамед

Шуақаевтың орнына аудармашы қызметіне сайланғаны туралы хабарлама бар [Қазақ газеті, 1914: 4]. Сонымен қатар, басылым мазмұны білім беру, тіл, ғылыми ой және қоғамдық жаңғыру мәселелерін қамтып, Омаровтың кейінгі ғылыми-ағартушылық қызметімен тығыз үндеседі. Осыған байланысты «Қазақ» газеті дүниетанымы қалыптасқан интеллектуалдық ортаны сипаттайтын маңызды дерек көзі болып табылады.

«Тургайские областные ведомости» газетінде жарияланған «Объявление о начале работы Тургайской уездной комиссии по делам о выборах в Учредительное собрание» атты құжатта Омаровтың Торғай уездік комиссиясының хатшысы қызметін атқарғаны нақты тіркелген [Тургайские областные ведомости, 1917].

«Ақ жол» газетін жүйелі зерттеу Омаровтың 1921–1923 жылдары ұлттық баспасөзге белсенді қатысқанын паш етеді: 1921 жылы ақпан айында шыққан №24 санында «Білім туы» журналын шығару туралы бастамада А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірге аталуы, оның зиялылардың интеллектуалдық желісіне кіргенін дәлелдейді (Ақ жол, 2020: 90), ал маусым айының №71 санында «Қазақстанда комиссарлар қазақша оқып жатыр» атты материалда орыс шенеуніктеріне қазақ тілін үйретуші ретінде аталуы, тіл саясатының практикалық жүзеге асуына тікелей қатысқанын көрсетеді [Ақ жол, 2020:52]

Н.Мартыненко құрастырған «Алаш-Орда: Сборник документов» жинағындағы материалдар Елдес Омаровтың Қостанай уезінің земство басқармасының мүшесі және кейіннен Қостанай уезі бойынша Алашорда комиссары болғанын растайды. Жинақтың Алашорда үкіметінің қызметіне арналған бөлімінде оның өңірлік ұйымдастырушылық жұмысқа қатысы байқалады. Кейбір кеңестік айыптау сипатындағы материалдарда кездесетін «ұлтшыл» деген сипаттама деректанулық сын тұрғысынан – яғни оның пайда болу жағдайын, мақсатын және идеологиялық контекстін ескере отырып қаралады [Мартыненко, 1992: 21, 87].

Алаштанушы Мәскеулік ғалым Дина Аманжолованың «Россия и Центральная Азия. 1905–1925 гг.» жинағының №76 құжатында Елдес Омаровтың жер мәселесіне қатысты ұлттық мүддені жақтайтын, ұстанымдарын тарихи, әлеуметтік және экономикалық дәлелдермен негіздейтін, теориялық тұрғыдан ойлай алатын зиялы тұлға екені көрінеді. Бұл дерек оның кеңестік жүйе жағдайында өз ұлттық-реформаторлық позициясын сақтауға тырысқан қазақ интеллигенциясының бейімделу стратегиясының айқын үлгісі ретінде бағаланады [Аманжолова, 2005: 162–165].

Үш томдық «Алаш қозғалысы» деректер жинағының бірінші кітабы Е.Омаровтың тарихи тұлғасын үш тәуелсіз деректік контексте растайды: 1927 жылы қазан айында ол «Алаш-Орданың белсенді қайраткерлерінің бірі» ретінде ОГПУ түрмесінде тергеуге тартылып, тергеу жер мәселесіне деген көзқарасы, троцкистік оппозициямен байланысы және саяси ұйымдастыру деңгейін анықтауды мақсат еткенімен, «нәтиже бермеді» деп тіркелген, сол кезеңде ол «беспартийный киринтеллигент, бывший алашордынец» ретінде М.Дулатов пен А.Байтұрсынов қатарында аталып, ұлт зиялыларының ортақ желісінде белсенді болғаны куәландырылса, оның ғылыми-педагогикалық қызметі де мемлекеттік деңгейде мойындалып, Қазақ мемлекеттік баспасының 1927 жылғы екінші жартыжылдық жоспарында Байтұрсынов, Дулатов, Досмұхамедов, Әуезов сияқты ірі ұлт зиялыларымен бір тізімде оқулық авторы ретінде тіркелген [Алаш қозғалысы, 2007: 14, 143, 259.]. Жинақтың екінші кітабында Елдес Омаровтың есімі №92 А. Байдильдинді ҚазКСР ІІІ ОГПУ Шығыс бөлімінің бастығының Алаш-Орда қызметіне қатыстылығы туралы жауап алу хаттамасында және Қоғамдық пайдаланудағы кітапханалардан және кітап саудасы желісінен алуға жататын басылымдар тізімінен кездестіруге болады [Алаш қозғалысы, 2007: 67, 242].

Алаштанушы, қазақ сиездерін зерттеген ғалым Күлпаш Ілиясова дайындаған «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» жинағының 4-томындағы №5, №7 құжаттарда Омаров 1917 жылғы Жалпықазақ сиездерінің тікелей делегаты немесе кандидаты ретінде аталады [Ілиясова, 2007: 215, 222].

Келесі «Алаш-таным» атты құжаттар жинағы Алашорда үкіметінің Шығыс бөлігінде ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы негіздеріне арналған. Құжаттар жинағында Елдес Омаровтың есімі №165 құжатта кездеседі. Алайда есімінің тек жекелеген құжатта ғана аталуына қарағанда, оның қызметі қозғалыстың орталық емес, аймақтық немесе ұйымдастырушылық деңгейінде жүзеге асқанын байқауға болады [Алаш-таным, 2012].

Әлихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлының Әлихан Бөкейхан шығармаларының 9 томдық жинағының алтыншы томындағы 1917 жылғы «Шорай ислам», «Алаш азаматтарына!» және «Қазақ зиялыларына» атты үндеулерде Е.Омаровтың қолы тіркелген. Бұл деректер оны Алаш қозғалысының бел ортасында жүрген тұлға ретінде бағалауға мүмкіндік береді [Бөкейхан, 2013: 394, 417].

Тоғызыншы томда жарияланған Ә.Бөкейхановтың А.Байтұрсыновқа хатындағы «Физиканы оқып қарасам, Елдесім де қазақ екен» деген сөздер Елдес Омаровтың ғылыми еңбектеріне берілген замандастарының ең жоғары бағаларының бірі болып табылады [Бөкейхан, 2013: 118].

«Алаш ісі. 1920–1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» атты 2 томдық жинағы Е.Омаровтың кеңестік репрессия жылдарындағы тағдырын зерттеуде бастапқы дерек болып табылады. 1927 жылғы 13 қазандағы тергеу хаттамасында Омаров Алаш партиясының бұрынғы мүшесі болғанын, ал негізгі қызметінің педагогикалық сала екенін мәлімдейді. Әділеппен беттестіру хаттамаларында (1929 жылғы 3 маусым, 23 маусым) тергеу материалдарының қарама-қайшы куәлікке сүйенгені анық байқалады: Омаров барлық айыптарды «категорически отрицаю» деп жоққа шығарды. 1927 жылғы қосымша тергеу хаттамасы оның ұлттық-реформаторлық позициясын нақтылайды – жер мәселесін жақтайды, қоныс аудару саясатына қарсы шығады, Кеңес жүйесі аясында да ұлттық дамуды мүмкін деп санайды. 1929 жылғы 27 маусымдағы тұтқындау туралы қаулыда (ПП ОГПУ по КАССР) тағылған айыптардың нақты дәлелдермен бекітілмегені деректанулық тұрғыдан маңызды деректемелік ескерту болып табылады [Алаш ісі, 2022: 163-177]. Тергеу жағдайына қарамастан, «Письмо Е.Омарова» (1929 ж.) атты дерек оның физика оқулығын аудару мен ғылыми терминологиямен жұмыс істеуді жалғастырғанын куәландырады – бұл кәсіби қызметке адалдығының айқын белгісі. Жинақтың екінші томында Омаровтың есімі А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сияқты қайраткерлермен қатар аталып, Орынбордағы ұйым мүшесі ретінде тіркелген. Ташкент оқу орындарындағы оқытушылық қызметі және оқулықтар дайындаудағы рөлі жазылған. «Алқа» әдеби үйірмесіне қатысты айыптаулар 1988 жылғы сот қарауымен негізсіз деп танылды: үйірменің таза әдеби сипатта болғаны дәлелденіп, барлық айыптаулар жойылды, Омаров толық ақталды [Алаш ісі, 2023: 542, 624, 728,758].

Мемуарлық деректер репрессия кезеңін жеке тұлғалық деңгейде толықтырады. Т.Кудерина-Насонованың естелігіндегі «Мағжан Жумабаев и Эльдес Омаров отбыли в Карелию на 8 лет» деген жол [Кудерина-Насонова, 2010: 109] айдаудың мерзімі мен орнын нақтылайтын бірден-бір куәлік болып табылады. Жер аударудан оралғаннан кейін қазақ тілі оқулықтарын жазып, ҚазМУ-де дәріс бергені туралы деректер архивтік материалдармен сәйкес келеді. Гүлнар Дулатованың естелігіндегі [Дулатова, 1994: 18] Омаровтың репрессиядан кейінгі тұрмысы және М.Дулатовпен екеуінің хал-жайын сұраған хаттары туралы айтылғаны Алаш зиялыларының жақын достық қарым-қатынаста болғанын дәлелдейді.

Мемуарлық деректер тобының жалпы деректанулық бағасы тұрғысынан мынаны атап өту маңызды: Т.Кудерина-Насонова мен Г.Дулатованың естеліктері Е.Омаров туралы тек фактілік мәлімет беріп қана қоймай, Е.Омаровтың адами бейнесін – замандастарының оған деген сыйластық пен құрметін – сипаттайды. Мемуарлар беретін осы «тірі дерек» архивтік бюрократиялық жазбаларды мазмұндық жағынан толықтырып, зерттеу нысанын тек функциялар жиынтығы ретінде емес, нақты тарихи тұлға ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Деректану методологиясы тұрғысынан мемуарлық деректердің дербес дереккөз ретіндегі деңгейі осылайша айқындалады: олар архивтік деректерді алмастыра алмайды, бірақ оларды толықтырады.

Қорытынды. Деректердің кешенді талдауы Елдес Омаровтың тарихи тұлғасын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді. Біріншіден, ол қазақ тіліндегі жаратылыстану ғылымдарының – физика, алгебра, геометрия – алғашқы оқулықтарының авторы және ғылыми терминологияның негізін қалаушылардың бірі ретінде анықталды. Бұл қызметтің мемлекеттік деңгейде мақұлданғаны мен Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы сияқты Алаш көсемдерінің сенімін ақтағаны деректермен нақты дәлелденді.

Екіншіден, оның Алаш қозғалысы аясындағы рөлі – Алашорданың Торғай бөліміндегі ұймдастырушылық қызметі, 1918 жылғы уездік сиезге төрағалық етуі, Жалпықазақ сиездеріне қатысуы – бастапқы архивтік деректермен жан-жақты расталды. Үшіншіден, оның кеңестік жүйе жағдайындағы ұлттық-реформаторлық позициясын сақтауы – ғылыми-ағартушылық қызметін мерзімді тоқтатусыз жалғастыруы – тергеу материалдарының өздерінен де байқалады. Алашорда қызметіне байланысты тағылған айыптаулардың 1988 жылы ресми жойылуы мен толық ақталуы Е.Омаровтың заңсыз репрессия құрбаны болғанын мемлекеттік деңгейде растады.

Аталған нәтижелер Е.Омаровтың тұлғасын қазақ тарихының ауқымды контекстінде бағалауға мүмкіндік береді. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары ұлттық сананы қалыптастырушылар ретінде тарихтың аса күрделі, қайшылықты кезеңінде өмір сүрді. Олар бір жағынан ұлттық тәуелсіздікке ұмтылса, екінші жағынан кеңестік жүйенің шынайылығына бейімделуге мәжбүр болды.

Е.Омаровтың өмір жолы – осы тарихи шиеленістің нақты бір адам тағдырындағы көрінісі. Оның ғылыми-педагогикалық қызметін ұлт-азаттық идеясының практикалық жүзеге асу нысаны ретінде қарастыруға болады: мемлекеттік тіл мен ғылымды дамыту арқылы ол халықтың болашағын, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге тырысты.

Дереккөздер

ҚО МА — Қостанай облысының мемлекеттік архиві.
 ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.
 ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президент архиві.
 РФ МА – Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві.
 ҚазҰМУ ВА – С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ведомстволық архиві.

Әдебиеттер

Ақжол, 2020 – «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 2 том / құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 383 б.

Ақжол, 2020 – «Ақ жол» (газеті). Көп томдық. 4 том / құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 383 б.

Алаш ісі, 2022 – *Алаш ісі*. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттарымен материалдары / құраст. М. Қойгелдиев, З. Мырзатаева, Р. Мирзакулов. Т. 1. Алматы: LEM, 2022. 984 с.

Алаш ісі, 2023 – *Алаш ісі*. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары / құраст. М. Қойгелдиев, З. Мырзатаева, Р. Мирзакулов. Т. 2. Алматы: LEM, 2023. 827 с.

Алаш қозғалысы, 2007 – *Алаш қозғалысы*. Сәуір 1920 ж. – 1928 жж.: құжаттар мен материалдар жинағы. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. Алматы: Ел-шежіре, 2007. Т. 3, кн. 1. 304 с.

Алаш қозғалысы, 2007 – *Алаш қозғалысы*. Қаңтар 1929 ж. – шілде 1938 жж.: құжаттармен материалдар жинағы. Движение Алаш. Январь 1929 – июль 1938 гг. Алматы: Ел-шежіре, 2007. Т. 3, кн. 2. 344 с.

Алаш-таным, 2012 – *Алаш-таным: құжаттар жинағы* / ред. Г.Т. Касымов. Семей, 2012. 425 с.

Аманжолова, 2005 – *Аманжолова Д.* Россия и Центральная Азия. 1905–1925 гг.: сборник документов. Караганда: Изд-во КарГУ, 2005. 495 с.

Ахметжанова, 2018 – *Ахметжанова З.* Елдес Омарұлы шығармалары. Алматы: Лұғат, 2018. 295 б.

Бөкейхан, 2013 – *Бөкейхан Ә.Н.* Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах / құраст. Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 6. 520 б.

Бөкейхан, 2013 – *Бөкейхан Ә.Н.* Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах / құраст. Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. Астана: «Сарыарқа», 2013. Т. 9. 520 б.

Дулатова, 1994 – *Дулатова Г.* Естелік – Аманат // Жұлдыз, Алматы, 1994. № 3–4. 12–27-бб. [205 б.]

Жұбаева, 2018 – *Жұбаева О., Ахмет Ә.* Омарұлы Е. Үш томдық шығармалар жинағы / Елдес Омарұлы. Астана: Алашорда, 2018. Т. 1. 400 б.; Т. 2. 408 б.; Т. 3. 420 б.

Ілиясова, 2007 – *Ілиясова К.* Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Қазақ съездері. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж.: құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2007. Т. 4. 352 б.

Козыбаева, 2019 – *Козыбаева М.* Изучение судеб национальной интеллигенции в рамках реализации проекта «Великие имена великой степи»: Елдес Омаров // «Ұлы даланың ұлы есімдері: жастарды патриоттық тәрбиелеудің ғылыми-теориялық және зерттеу мәтініндегі практикалық қырлары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2019. 114–118-бб.

Кудерина-Насонова, 1994 – *Кудерина-Насонова Т.Г., Кудерина Л.Д.* Недалекое прошлое. Москва, 1994. 296 с.

Қазақ газеті, 1914 – *Қазақ газеті*. 1914. № 65

Мартыненко, 1992 – *Мартыненко Н.* Алаш Орда: сборник документов. Алма-Ата: «Айкап», 1992. 195 с.

Мектептегі, 1996 – *Мектептегі А., Ілиясқызы С.* Елдес Омарұлы // Жалын. 1996. № 7–8. 201–215-бб.

- Смағұлова, 2019 – Смағұлова С. Елдес Омаров қазақ тарихы хақында // Өркениеттің қазығы – жазу: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2019. 39 - 43 бб.
 Тургайские областные ведомости, 1917 – Тургайские областные ведомости. 1917. 25 ноября.
 Шаяхмет, 2011 – Шаяхмет А. Тайбағар. Астана: Фолиант, 2011. 712 б.
 Шуақаев, 2017 – Шуақаев М., Шаяхмет А. Шығармалары / Е. Омарұлы. Астана: Фолиант, 2017. 488 б.

Sources

- QOMA – Qostanai oblysynyng memlekettik arhivi [State Archive of Kostanay Region]
 QROMA – Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
 QRRRA – Qazaqstan Respublikasy Prezidenti arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]
 RFMA – Resei Federatsiyasynyn memlekettik arhivi [State Archive of the Russian Federation].
 QazUMU VA – S. Asfendiyarov atyndagy Qazaq ulttyq meditsina universitetinin vedomstvolyq arhivi [Departmental Archive of S. Asfendiyarov Kazakh National Medical University].

References

- Ak zhol, 2020 – *Ak zhol* (gazeti). Koptomdyq [Ak zhol newspaper. Multi-volume edition]. Comp. by Kh. Yesenkarakzy. Nur-Sultan: Alashorda qogamdyq qory, 2020. Vol. 2. 383 p. [In Kaz.]
 Ak zhol, 2020 – *Ak zhol* (gazeti). Koptomdyq [Ak zhol newspaper. Multi-volume edition]. Comp. by Kh. Yesenkarakzy. Nur-Sultan: Alashorda qogamdyq qory, 2020. Vol. 4. 383 p. [In Kaz.]
 Alash isi, 2022 – *Alash isi. 1920-1930 zhzh. OGPU zhurgizgen zhasandy tergeu isterinin quzhattary men materialdary* [The Alash Case. Documents and Materials of Fabricated OGPU Investigations of the 1920s–1930s]. Comp. by M. Koigeldiev, Z. Myrzataeva, R. Mirzakulov. Vol. 1. Almaty: LEM, 2022. 984 p. [In Russ.]
 Alash isi, 2023 – *Alash isi. 1920-1930 zhzh. OGPU zhurgizgen zhasandy tergeu isterinin quzhattary men materialdary* [The Alash Case. Documents and Materials of Fabricated OGPU Investigations of the 1920s–1930s]. Comp. by M. Koigeldiev, Z. Myrzataeva, R. Mirzakulov. Vol. 2. Almaty: LEM, 2023. 827 p. [In Russ.]
 Alash qozgalysy, 2007 – *Alash qozgalysy. Saur 1920 zh. - 1928 zhzh.: quzhattar men materialdar zhinagy* [The Alash Movement. Documents and materials (April 1920–1928)]. Almaty: El-shezire, 2007. Vol. 3, Book 1. 304 p. [In Kaz./Russ.]
 Alash qozgalysy, 2007 – *Alash qozgalysy. Qantar 1929 zh. – shilde 1938 zhzh.: quzhattar men materialdar zhinagy* [The Alash Movement. Documents and materials (January 1929 - July 1938)]. Almaty: El-shezire, 2007. Vol. 3. Book 2. 344 p. [In Kaz./Russ.]
 Alash-tanym, 2012 – *Alash-tanym: quzhattar zhinagy* [Alash-tanym: Collection of documents] / ed. by G.T. Kasymov. Semey, 2012. 425 p. [In Russ.]
 Amanzholova, 2005 – *Amanzholova D. Rossiya i Tsentral'naya Aziya. 1905-1925 gg.: sbornik dokumentov* [Russia and Central Asia. 1905–1925: Collection of documents]. Karaganda: KarGU Press, 2005. 495 p. [In Russ.]
 Ahmetzhanova, 2018 – *Ahmetzhanova Z. Eldes Omaruly shygarmalary* [Eldes Omarov's works]. Almaty: Lugat, 2018. 295 p. [In Kaz.]
 Bokeikhan, 2013 – *Bokeikhan A.N. Shygarmalarynyn 9 tomdyq tolyq zhinagy* [Complete works in 9 volumes]. Comp. by Zhusip Sultan Khan Akkululy. Astana: Saryarka, 2013. Vol. 6. 520 p. [In Kaz./Russ.]
 Bokeikhan, 2013 – *Bokeikhan A.N. Shygarmalarynyn 9 tomdyq tolyq zhinagy* [Complete works in 9 volumes]. Comp. by Zhusip Sultan Khan Akkululy. Astana: Saryarka, 2013. Vol. 9. 520 p. [In Kaz./Russ.]
 Dulatova, 1994 – *Dulatova G. Estelik – Amanat* [Memoirs – Heritage]. *Zhuldyz. Almaty*. 1994. No. 3–4. Pp. 12–27. [205 p.] [In Kaz.]
 Zhubaeva, 2018 – *Zhubaeva O., Ahmet A. Omaruly E. Ush tomdyq shygarmalar zhinagy* [Three-volume collected works] / Eldes Omaruly. Astana: Alashorda, 2018. Vol. 1. 400 p.; Vol. 2. 408 p.; Vol. 3. 420 p. [In Kaz.]
 Ilyasova, 2007 – *Ilyasova K. Qazaq ult-azattyq qozgalysy. Qazaq siezderi. Saur 1917 zh. – zheltoqsan 1919 zh.: quzhattar men materialdar zhinagy* [Kazakh national liberation movement. Kazakh

congresses. Documents and materials (April 1917 – December 1919)]. Almaty: El-shezire, 2007. Vol. 4. 352 p. [In Kaz.]

Kozybaeva, 2019 – *Kozybaeva M.* Izuchenie sudeb natsional'noy hane igentsia v ramkakh realizatsii proekta «Velikie imena velikoy stepi»: Eldes Omarov [Study of the lives of the national intelligentsia within the project «Great names of the Great Steppe»: Eldes Omarov] // «Uly dalanyn uly esimderi: zhastardy patriottyq tarbieleudyn gylymi-teoriyalıq hane zertteu matinindegi praktikalyq qyrlary»: Halyqaralyq gylymi-tazhirebelik konferentsiyasynyn materialdary. Almaty, 2019. Pp. 114–118. [In Russ.]

Kuderina-Nasonova, 1994 – *Kuderina-Nasonova T.G., Kuderina L.D.* Nedalekoe proshloe [Near past]. Moskva, 1994. 296 p. [In Russ.]

Qazaq gazetı, 1914 – *Qazaq gazetı* [Qazaq Newspaper]. 1914. No. 65. [In Kaz.]

Martynenko, 1992 – *Martynenko N.* Alash Orda: sbornik dokumentov [Alash Orda: Collection of documents]. Alma-Ata: Ajkap, 1992. 195 p. [In Russ.]

Mekteptegi, 1996 – *Mekteptegi A., Ilyasqyzy S.* Eldes Omaruly. *Zhalyn.* 1996. No. 7–8. Pp. 201–215. [In Kaz.]

Smagulova, 2019 – *Smagulova S.* Eldes Omarov qazaq tarihy haqynda [Eldes Omarov on Kazakh history]. «*Orkenietyyn qazygy – zhazu*»: halyqaralyq gylymi-teoriyalıq konferentsiya materialdary. Almaty, 2019. Pp. 39-43. [In Kaz.]

Turgaiskie oblastnye vedomosti, 1917 – *Turgaiskie oblastnye vedomosti* [Turgai Regional Gazette]. 1917. 25 November. [In Russ.]

Shayahmet, 2011 – *Shayahmet A.* Tajbagar. Astana: Foliant, 2011. 712 p. [In Kaz.]

Shuaqaeu, 2017 – *Shuaqaeu M., Shayahmet A.* Shygarmalary / E. Omaruly [Works / E. Omaruly]. Astana: Foliant, 2017. 488 p. [In Kaz.]

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

Мамытова С.Н. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
Ахметжан К.С. ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш. «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B. THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
Toraigyrov Ye.M. TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х. УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
Черниенко Д.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z. SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY	564
Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х. О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиков Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М. ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К. 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е. МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А. КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ.	878
Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б. ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A. THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A. THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
